

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйниан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшпілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТИК ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРИ

Абай – өз дәуірінің өр алуан жағын суреттеген реалист ақын. Ол дәуірінің жаман жағын да, жақсы жағын да өз шығармаларында айқын суреттеп, өз дәуіріне тән, сол жағдайға лайық, әлеуметтік, таптық ірі, келелі мәселелермен қатар, кейбір елеусіз нәрселерге дейін көре білді. Сейтіп, ол өз заманының айқын айнасы болды.

Абай өмірге құлашын кең жайып, әлеумет түрмисының өр саласына үніле қарап, көп мәселелерді өлеңнің тақырыбы, айтайын деген ой-пікірінің өзегі етті. Толып жатқан тақырыпты жыр қылды. Мәселенің қайсысын алсақ та, Абайдың бүгілгенде жазып, бүркенгеннің бетін ашқандығын көреміз.

Ақын, ең алдымен, өз дәуіріндегі және өзінен бұрынғы мәдениетсіздікті, жалқаулықты, ру тартысын, пәлеқорлық сықылды оңбағандықтарды көрді. Қазақ халқының дамуы үшін оның басқа елдердің қатарына жетуі үшін бұл әрекеттердің бәрі де тұсай болатын, бөгет болатын қылықтар деп үғып, бұларға барынша қарсы шықты. Оларға қаламы арқылы күрес ашты. Оларды қатты шенеп, мысқылға айналдырыды. Ол әділестіздік, мәдениетсіздік атаулының бәрімен де жалғыз жауасты.

Ойланып, ойга кеттім жуз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім шидем-шекпен.
Жейде, дамбал ақсандан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әділтеткен, –

деп өткен өмірдің мәдениетсіздігін мысқыл-келекеге айналдырыды. Бұл қалыпта қала беруге енді болмайды, мәдениетке қарай аяқ басу керек деген қорытынды шығарды. Абай:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсекзызар жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін,
Алтыбақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған мінейді!.. –

деп ел бойындағы, өсірессе үстем тап адамдарындағы ұсақ, пәле-кор мінездерді өшкөреледі.

Бір-ақ ырғып шығам деп,
Бір-ақ секіріп түсем деп,
Мертігеді, жатады,
Үрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сөйтіп, Құдай атады.

Күншілдік, шамасын білмес мактаншақтық, өтірік өсек, кербездік, жалқаулық сол кездегі ауылдың басты әдеттерінің бірі болған. Әсірессе ұлыққа арқа сүйеген пәлеңор пысықтардың сүркіялышы шектен асады. Соңдықтан Абай:

Кызмет қылыш мал ташай,
Фылым оқып ой ташай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдышып ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шага, үргашы,
Үйде жудеп қатады.
Еңбегі жок еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп,
Пысық деген ат шықты.
Бір сөз үшін жау болыш,
Бір күн үшін дос болыш,
Жұз кубылған салт шықты.
«Пысық кім?» – деп сұрасаң,
Қалага шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сырды жок,
Шаруага қыры жок.
Өтірік пен өсекке,
Ағып тұрса бейне су,
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «ку»... –

деп елді үйітіп жеген, бұлдіргіш пысықтарды, алауыздықты, сңбексіздерді, жалақорларды жеріне жеткізе сынады. Мұның өзі кезінде өткір сықақ (сатира) еді.

Абайдың басқа өлеңдерін былай қойғанда, осы өлеңінің өзі-ақ жалқаулықты, қорқақтықты, мәдениетке ұмтылмаушылықты, алауызыдықты, өтірік-өсекке жаңы құмар пәлеқорлықты жексү-рын етіп көрсетеді. Мұндай ел бұзарлардан аулақ болу керек деп, ол «ызалы сөз, өткір тілін» соларға қарсы жұмсайды.

Бұл сықылды жағымсыз-жұғымсыз өрекеттер сол кезде бар ма еді? Шындық па еді? Әрине, бар еді. Ел мұддесі емес, өз мұддесін ойлаған талай қу, талай сүмдар қазақ арасында ол кезде аз болған жоқ. Ру араздығын қоздырып не біреуді-біреуге айдан салып, арасына сөз айтып, пайда тауып, араздықты өзінің қос қалтасында пайдаланған ұлықтар, «домалақ арызбен» біреудің тағдырын саудаға салатын пәлеқорлар Абай кезінде, тіпті көбейеді.

Абай солардың бәріне қарсы болды. Ел бірлігін аңсады. «Бір жерден сөз, бір жеңінен қол шығарып», елдің түгел мәдениетке жұмылуын тіледі, өтірік-өсек, пәлеқорлықтан аулақ болуды, мәдениетті елдердің қатарына жетуді, ауызбірлігі күшті азат ел болуды арман етті.

Ақын өзінің өлеумет өміріне арналған «Сегіз аяқ» атты өлеңінде жоғарғы әңгімелерді сөз қылады. Қазақ өмірімен байланысты мәселелердің өрқайсысына ерекше тоқталып, аталақ сөздер айтады. «Сегіз аяқ» – Абайдың өз кезіне қозқарасының қорытындысы тәрізді өлең. Ақын бір жерінде:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл, кердең наданиң.
Көп айтса көнді,
Жүрт айтса болды,
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаган соң, айтпа сөз! –

десе, екінші жерінде:

Үятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан...
Тасыса өсек,
Ысқыртса кесек,

Күмардан өбден шыққаны.
Күпілдек мақтан,
Табытын қаққан,
Андығаны, баққаны... –

деп надандықты, жігерсіздікті, сөзінде тұрмайтын алдампаз адамдарды, үтсіз, арсыз, осек, өтірік, мақтан тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты, тағы осы секілді жаман өдтеттердің бетін ашады. Өз кезінде өмір шындығының құнгірт жақтарын өйгілеп, жүртшылықты олардан сақтандырмақ болады.

Ақын талаудың, үрлік-зомбылықтың, алтыбақандықтың қара халыққа зиян екенін айтады:

Малыңды жауга,
Басыңды дауга,
Қор қылма, қорға, татулас.
Өтірік, үрлік,
Өкімет зорлік,
Құрысын, көзің ашылmas.
Үятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын! –

дейді.

Ақын бұл өлеңінде өмір шындығының тек бетін ашып қана қоймай, алға қойған мақсатты орындау үшін не керек екендігін де ашық көрсетіп береді. Бұл өз елінің малын жаудан, басын даудан қорғап, бір жерден сөз, бір женінен қол шығарып, алға апаралын деген адамгершілік еді. Абай даналығының бірі сол дәүірде өз ортасында озат шығып, халықты мәдениеттендіру мәселелерін жыр етуінде еді.

Еңбек, ғылым, адамгершілік жер жүзіндегі ұлы, данышпан адамдардың бөрінің де көңіл болғен мәселелері болды. Міне, бұл мәселелер жөнінде Абай да қазақ даласынан шығып, осыларға үн қосып, уран тастады.

Еңбек туралы Абай көп жазды. Жастардың адам болуы үшін, ең алдымен, еңбек етуі керек. Ғылымға қолы жету де, өлеумет өміріне пайдалы жұмыс істей де – бәрі де еңбекпен байланысты деген қорытынды шығарды.

«Сегіз аяқтың» бір жерінде:

Болмашы кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл!
Орынсыз ыржын,
Болымсыз қылжын,
Бола ма дәulet, нәсіп бұл?
Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей, –

деп адамның адамшылығы өз басын емес, көпті сүйген адал жу-
регінде, еңбек етуде десе, екінші бір жерінде:

Фылымды ізден,
Дүниегі көздеп,
Екі жаққа үңілдім... –

деп жүртты өнер, ғылымға шақырады. Сөйтіп, надандыққа қар-
сы – ғылымды, алауыздыққа қарсы – бірлікті, жалқаулыққа қар-
сы – еңбекті, пәлеқорлыққа, жауыздыққа қарсы – адамгершілікті
қояды да, алдыңғылары – елді аздыратын қылыш, соңғылары ха-
лықтың көсегесін көгереттін игілікті іс деген қорытынды шыға-
рады.

Абай кезінде өлтірілген өртүрлі кертарапалық өрекеттер
мейлінше орістеп, «дағдыға» айналған болатын. Өтірік, өсек,
«домалақ арыздар» Абайдың өз сыртынан да талай жауған бола-
тын. Сондықтан оған қарсы құрес оңайлықпен қолға түсे қоятын
іс емес еді. Ақын оны жақсы билді. Әйтсе де өз халқының ауыр
халін көре тұра, қыншылықтан қорықпай, тәуекелге бел буды.

Абай жолының ұзақтығын да, көздеғен мақсатын орынданап
шығуға өз өмірінің аздық ететіндігін де үғып, басынан базары ет-
пей, қолынан іс келетін жастық шағын өз халқының бір керегіне
жаратып қалуға тырысты. Жауыздықтың бетін ашып, жақсылық-
қа жөн сілтеді. Толып жатқан кертарапта қара күштерге қарсы шы-
ғып, құрес ашты. Айналасын оятып, өзінің жолына түсірмекші
болды. Бірақ ол кездегі ел тізгінін ұстаушылар ескі өдетіне қары-
сып, игілікке қарай аяғын баспады. Абайдың:

Жартасқа бардым,
Күнде айқай салдым,

Одан да шықты жаңғырық.
Есітіп үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп ізdedім қанғырып.
Баяғы жартас, бір жартас,
Қаңқ етер, тұкті байқамас, –

дәйтіні, міне, осындай жағдаймен байланысты шыққан жалғыздықтың азы үні болатын.

Айналасының оны үқпауы, үғу былай тұрсын, оған бөгет болып, онға деген ісін теріске айналдыруы, алға ұмтылған адымын етегінен басып кері жіберуі, міне, осының барлығы қазақ елін ілгері дамытуға қыын асу болушылығы жүрт тағдырын қолына алып, алдына зор мақсат қойған, ел түземекші болған ақынға аз соққы, жеңіл қайғы болған жоқ.

Өйткені қазақ халқының мәдениетке ұмытылуына көмектеседі деп Абайдың көз тіккендерінің бәрі де «баяғы құлық, бір алдау, қысылған жерде жан жалдаудан» шыға алмады. Ақынға көмек берудің орнына, жаулық ойлады. Міне, сондықтан да Абай:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ,
Ағайын бек көп,
Айтамын ептең,
Сөзімді үғар етім жоқ,
Моласындаі бақсының,
Жалғыз қалдым, тап шыным! –

деп өзінің жалғыздығын білдіреді.

Бірақ Абайдың бұл сөзіне қарап, мүлде жалғыз қалған екен, оның сөзін ел үқпаған екен деп түсіну – қате. Абайдың бұл айтқандары – түгелдей ел басқарушыларға, үстем тап адамдарына арналған сөз, жалпы көпшілік оны жақсы үқты. Оның асыл сөздерін ауызды-ауызды таратып, ұдайы жадында сактады, көзінің қарашуындаид қадірледі. Оны жоғалтпай алып келіп, оның шын мұрагері ел жастарына табыс етті. Демек, Абайдың сөзін ел үқты да, бағалай да білді.

Абай жалғыз қалдым дей тұрса да, өмірден безіп, сарыуайымға салынбайды. Оның шығармаларын зерттей келгенде, жақсы-

лықты болашақтан күткен, келешектің бір жақсаруына нық сенген ақын екендігін көреміз.

Сөйтіп, Абайдың «Сегіз аяғы» – өз кезіндегі өмір шындығында, одан қалай шығудың жолын да, ел тілегінен туған өз басындағы күйініш, сүйінішін де кеңінен толғап, дұрыс көрсетіп берген олеңінің бірі. Мұның бір жағы сын, сықақ болса, екінші жағы өсінет, ғибрат беру еді.

Абай реализмінің құштілігі тек бұл ғана емес, оның негізі – қазақ ішіндегі тап қайшылығын көре білуінде. Сол дәуірдің өзінде, байлар кедейлерді езіп отыргандығын, кедейдің ауыр тұрмыста өмір сүретіндігін бұлжытпай өз қалпында суреттеп, оған аяныш сезіммен назар аударады.

Абай жай суретші анғармаған сәл нәрселерді де көре алады. Сондықтан да оның өлеңдері шындық бейнесі болып отырады. Абайдың күзді құнгі кедей өмірін суреттей отырып, олардың іс-әрекет, тұрмыстарының әр түрлерін көрсетуі – біреу де болса бірегей, бір болса да көпке татырлық. Үстірт қараған адамдарға «иін илеу, шекпен току», балалардың ойындарын суреттеу сияқты мәселелер «сәл» ғана мәселе төрізді болып көріне тұрса да, шынында бұл сияқты жайттарды көре білуі Абайдың үлкен реалистік ақын екендігін дәлелдейді.

Өз заманының суретші ақыны Абай сол кездегі теңсіздік мәсесін тек қана шолып етіп, оған қалай болса, солай қарап қоймайды. Кедейлердің ауыр халі ақынның қабырғасын қайыстырады. Ол кедейді өзі аяп қана қоймайды, өзіндей болып басқалардың да ауын талап етеді. Езілушілердің тұрмысын женілдетуге жол іздейді. Жұртқа адамгершілікті ұсынады. Абай шығармасындағы адамгершілік арманының негізі де осы қазақ ішіндегі теңсіздікті көре білуінде жатыр.

Қазақ ауылындағы теңсіздікті шын көрсете білген өлеңдері – «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай». Абай бұл өлеңінде тек барды айткан ұлы суретші ғана болып қоймай, сол өмірдегі ауыр тұрмыс, теңсіздікті көре де, үға да біледі, одан қорытынды да шығарады.

Бұл екі өлеңінде екі тұрмысты – байдың тұрмысы мен кедейдің тұрмысын бір-біріне қарама-қарсы қойды. Октябрь, ноябрь айларының қара сұығындағы кедейлердің ауыр тұрмысын:

Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Отыруға отын жоқ, үзбей жағып.
Тоңған ийн жылығып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бұрсең қағып... –

деп суреттейді.

Азынаған қара сұықта «кемпір-шалы» болса, ол оның үстіне
қыындықты жамай түседі деп жаны ашиды.

Тенсіздік, азап шегу тек қана үлкендердің емес, кедейдің ба-
лаларының да басында барлығын ақын дұрыс көрсете алды:

Кар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағыш жүріп ойнатар көздің жасы... –

дейді.

Абайдың шын мәнінде реалистігі, өзі сол үстемдік етуші тап-
тың жуан ортасынан шыға тұрса да, олардың жалпы қара халық-
қа жасап отырған зорлық-зомбылығын, аяусыз қанауын көре бі-
ліп және оны тайынбай өшкөрелеу, «типтік жағдайға тән типтік
образдар» жасауымен қатар, жай суретшілер аңғара бермейтін,
өлеумет өмірінің коленде жақтарындағы кейбір құбылысты да
көре біліп, олардан өлеуметтік мәні бар үлкен қорытынды шы-
ғаруында. Жоғарғы үзінді келтірген өлеңнің екінші бір жерінде:

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр, артықша кызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Адастырган екеуін Күдайым-ай! –

деп байлардың кедейді күнбе-күн езіп отырғандығын, олардың
араларындағы экономикалық тенсіздікті және бұл екеуінің өмір
бойы аңдысумен келе жатқан, бір-біріне тілектері қайшы екі
тап екендігін ашық айтты. Кедейдің ауыр халін көріп, ақынның
оларға жаны ашиды. Кедейдің сол ауыр халін қалай женілдету-
дің өзінше жолын іздеді. Сонда оның тапқан жолы өділдік болды.
Байлардың кедейге деген мейірімсіздігін ашық суреттеп, оларды
дұрыстыққа, өділдікке үндеді. Соған орай кедейдің де байларға

дұрыс қызмет етуі керек деп білді. Бірақ ақынның бұл пікірі тап қайшылықтарының қандай жолдармен шешілетіндігін үға алмаушылықтан туған қате пікір болатын. Бұл тап қайшылықтары тек қана таптық күреспен шешілетіндігін түсіну дөрежесіне котे-ріле алмағандығын көрсететін жайттың бірі деуге болады.

Қандай өмір құбылсына баға берсек те, біз ешқашан да мез-гіл мен жағдайды ұмытпаймыз. Сондықтан Абайдың өмір сүрген мезгілі мен жағдайын еске алсақ, оған революциялық көзқараста неге болмадын деп кінө тағу – орынсыз. Тарихқа көз салсақ, езу-шілерді өділдікке үндеп, олардың санасын оятып, адамгершілігін арттыру арқылы әлеуметтік теңсіздікті жоймақ болған француздың ұлы ағартушыларының іс-әрекеттері оқушылар жүртшылығына мәлім.

Ал қазактың ұлтшыл оқымыстыларының қазақ елінде тап жоқ деп, көп жылдар бойы айтыс ашып, өздерінше дәлелдемек болып, қызыл өңеш болғанын тағы жақсы білеміз. Демек, XIX ғасырда Абайдың қазақта жігіт айқындалған екі тап барлығын және үстемдік етуші байлар табының кедейлерді езіп, қанап отырған-дығын тайға таңба басқандай етіп, шындық қалпында көрсетіп беруінің өзі тарихи мәні зор екендігі сөзсіз.

Абай туындыларының реалистік жақтарын сөз еткенде, ай-рықша тоқталуды қажет ететін негізгі бір мәселе ақынның әйелге көзқарасы туралы. Бұл мәселе кеңірек тоқтап, кейбір салыстыру-лар жасауды керек қылады.

Абайға дейінгі ауыз өдебиетін және кейбір тарихи өдебиет нұсқаларын алсақ, әйелге екі түрлі көзқарастың болғандығын аң-ғарамыз. Біріншісі –халықтық, екіншісі – феодалдық.

Халықтық көзқарас өйелді жоғары бағалайды. Көп жайттарда ерлерден артық етіп көрсетуге тырысады. Ел бастар көсем де, сөз бастар шешен де, топ жарған батыр, аяулы ару, ардақты азамат та анадан туады. Сондықтан өмірде ананың рөлі ерекше деген қорытындыны ұсынады. Мысалы, «Алып – анадан, ат – биеден туады», «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал», «Ер-дің атын қатын шығарады, қатынның атын жатым шығарады», «Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді, жақсы ерек жаман әйелді адам ете алмайды», «Жақсы әйел – жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ», «Алғаны жақсы жігіттің әрқа-

шан ісін ондайды, алғаны жаман жігіттің ісінің сәті болмайды», «әйел жерден шыққан жоқ, о да еркектің баласы, ерлер көктен түскен жоқ, әйел – оның анасы», «Алқызыл гүл – жердің сөүлеті, асыл жар – ердің сөүлеті», «Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың».

Қазақтың осылар төрізді көптеген мақал-мөтеддерін алсақ, ер адамның өміріндегі бақыт та, бақытсыздық та бәрі өйелінің жақсылық, жамандығына тіреледі. Кейбір мақалдарда әйел мен ерлердің әлеуметтік ролі бірдей деп санаға, ата мен ана туралы балаға жүктелетін міндет пен өтейтін қарызы жайлы ой-пікірлеріндегі халық ананы әрдайым бірінші орынға қояды. «Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызынан құтылмайсың», «әке-лі жетім – анық жетім, шешелі жетім – жарым жетім», «әке – жезде, шеше – кебе», тағы басқалар.

Ауыз әдебиетіндегі өлең, аңыз, ертегі әңгімелерден біз неше түрлі сұлу, ақылды, айлалы әйелдердің образдарын кездестіреміз. Ертегі, аңыздарда ұшырайтын анғал батырлардың әр алуан қиял дүниесін жасаған алып дөу, сұнғыла мыстан кемпірлер, жер астындағы жылан патшаларымен кездескенде өзін сүйген сұлу қызы, айлалы әйелдердің ақыл-кеңестері арқылы жауларын жеңіп шығып, мұраттарына жетеді. Басқаларын айтпағанда, көшілікке мәлім Жөнібек пен Жиренше шешен аңызын алсақ та бұған толық мысал.

Аңызда Жиренше – әрі сөз тапқыш, әрі ақылды, қандай қыын-қыстаудан болсын сүрінбей шығатын тайпалмалының өзі. Бірақ патшаның өте қыын үш тапсырмасын орындауға келгенде, оның салы суға кетіп, не қыларын білмейді. Соның үшеуінде де ақыл тауып, Жиреншені ажалдан құтқаратын – әйелі Қараашаш. Ақыры ол өз сүтінен қымыз ашытып, ханмен бірге Жиренше жорыққа аттанарда жанторсыққа құйып, қүйеуінің қанжығасына байлад жібереді. «Бір кездері хан шөлдеп, саған сусын тап, әйтпесе өлтірем! – дер, сол кезде сен осы қымызды ханға ұсын, ішіп болып, ненің сүті деп сұрап, сонда қымыздың сырын ашарсың», – деді.

Қараашаштың айтқаны жорықта дәл келеді. Хан қымызды ішіп алғып, Қараашаштың сүті екендігін естігеннен кейін, санын бір соғады. Енді оны әйелдікке ала алмайтын болады да, Жиреншеге жаулығын тоқтатады.

Сойтіп, халық ханнан да, ханның атышулы шешенінен де ақылы артық өйел болуы мүмкіншілігін тек мойындаң қана қоймайды, «Жиренше, Қарааш» аңызы арқылы, сондай өйел болды деп, тарихи адамдардың атымен байланысты Қарааш сыйылды ақыл, айласы мол ұнамды өйел образын жасайды.

Қараашты ғұлай көрсетудің өзінде де өйелге деген ұлкен ізет, зор құрмет жатқан жоқ па? Ғұл шын мәніндегі халықтың көзқарас емес пе?

Әйелге деген халықтың көзқарастың бір алуан түрін біз эпостық, лиро-эпостық поэмалардан да кездестіреміз. Эпостардың копшілігінде-ақ халық ең аяулы ару, адапт сүт емген сұлуларын батырлардың серігі етеді. Құртқа, Гүлбарышын, Ақжуніс, Қыз Назым – бөрі де халықтың ардақты үлдары санаған батырларын сүйіп, соларға көмекке келеді. Кейбіреулерінің ел қорғарлық батыр дәрежесіне көтерілуерінен әйелдерінің көмегі, кейбір жайттарда жепіске ие болу үшін ақыл-кенестері жәрдем етеді. Қобыландының Алшағыр елін табуы да, женилуі де Құртқаның ақыл-айласымен байланысты десек, ноғайлылықтарды қалмақ ханы Қараман келіп қалмағанда, оларға Қамбардың кол ұшын беруі, түтпеп келгенде, Назымның арқасы.

Бұл қыздардың қайсысы болсын, қолына найза алып соғысқа шықпаса да, жауларға қару көрсетерлік өздерінің не жұбайы, не сүйген батырларына көмекшілік істері арқылы ел қорғау ісіне араласады. Тіпті, сұлулардың батырларға ғашық болуының негізінде ел қорғау тілегі, өз халқының бір пайдасына жарап деген арман, тілектері жататындығын көреміз.

Эпостық жырларда елдік мәселелерге әйелдердің қатысулары батырларға көрсететін ақыл-кенестері арқылы болса, лиро-эпостардың кейбіреулерінде біз әлеуметтік мәселелерге әйелдердің тікелей қатысып, ел арасындағы дау-шарлардың арқауы өзі болуға жараған өйел образдарын да кездестіреміз.

Сондай қыздарымыздың бірі – Айман образы. Менмендік бақталастан туған Көтібар мен Маман арасындағы егестің аяғы екі рудың жауласуына, шабыншылыққа ұласқан жағдайда, өзі тұтқында жүрсе де, бүкіл мәселенің түйінін шешуші – Айманның ақыл-айласы. Оқиғаның шешуінде өркөкірек Көтібар да, менменсіген Маман да мазақ болып қалады да, Айман бастаған топ дегеніне жетеді.

Келтірілген мысалдардың барлығы да әйел мәселесіне деген халықтық көзқарастардың қалай екендігін дәлелдесе, сонымен қатар фольклорда болсын, әдебиет тарихында болсын, әйелге ес-кі феодалдық көзқарасты айқындайтын да нұскалар аз емес.

«Алтын басты әйелден, бақа басты ерек артық», «әйел – жеті дүшпанның бірі», «астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сен-бе», «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген төрізді мәтелдер әйелді ерлерден төмен санайтын феодалдық көзқарасты көрсетеді. Бұл тек ауыз әдебиетінде ғана кездесіп қойған жоқ, XIX ғасырда өмір сүрген Абайдың тұстас ақындарының да шығармаларында мол жырланды. Ескі хандық-феодалдық өмірді аңсаушы, сол таптың жыршысы болған Шортанбай, Әубекілердің өлеңдерін алғып, жалпы әйелге, әйелдің бас бостандығымен байланысты мәселелерге қалай қарағандықтарына шолулар жасап, Абайдың әйелге көзқарастарымен салыстырсақ, араларында жер мен коктей айырма барлығын аңғарамыз.

Әубекір өзінің заман туралы жазған ұзақ өлеңінде қазақ даласындағы әр алуан өзгерістерді суреттей келіп, әйел мәселесіне, олардың бас бостандығы жайлы айрықша тоқталады.

Ерінің айтқан сөзіне,
Қатын мойнын бұрмады.
Ерге қызмет қылмады.
Жалынып күнін көрмесе,
Қатты айтса, қатын тұрмады.
Кітаптың сөзін тәрк етіп,
Көңіліне шайтан орнады, –

дейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында тап осы айтылған төрізді қазақ әйелдерінің бас бостандығы болған емес. Бұрынғы дәүірлермен салыстырғанда, қанша өлсіреді десек те, бұл кезде де қазақ даласында үстемдік етушілер өлі бай-феодалдар болды. Демек, «Жесір дауы, жер дауы» олардың ел билеудегі көңіл аударлық негізгі мәселелерінің бірі болды. Сондықтан әйелдің бас бостандығы, бата айырып, сүйгеніне тиу тек бір семьяның ішінде шешіле салатын мәселе емес, рудың не рубасыларының сарына түсіп, шешілсе зор қыншылықпен ғана шешімін табатын

мәселе еді. «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» дейтін нағыз кертарапта, феодалдық қозқарас ол кезде өлі өзінің толық қүшінде болатын. Сол қозқарастың сөуегей жыршысы болған Әубәкір ілуде біреудің бас бостандығына қолы жетсе, салт бұзарлық нәрсе деп, жұртшылыққа мейлінше құбыжық етіп көрсетуге тырысты. Өз кезіне тон емес өмір құбылышын ескішіл ақын асыра суреттеп, оқушыларын теріс бағытқа сілтеді.

Әйелдерді еркектерден кем санаушылық төрізді феодалдық қозқарастарға тойтара соққы беріп, бұл мәселе жөніндегі халық қозқарасын қолдаушы және мәдениеттік биік сатыға көтеруші қазактың бірінші ақыны – Абай. Ол өзінің ұлы адамдығын да, үлкен реалистігін де әйелдің қоғамдағы орнын айқындау мәселе сінің айналасында толық дәлелдеді.

«Бір сұлу қызы турыпты хан қолында» деген өлеңінде сұлу, жас қызыға үйленбек шалдың «қалыңдығына» туғызған барлық жағдайы мен іс-әрекеттерін, оның өз басындағы қуаныштарын суреттей келіп, қыздың шалға барып тірлік еткеннен де, сұға кетіп өлуін артық санағандығын тамаша түрде суреттеп берді.

Деген сөз: бұка – буға, азбан – дуга,
Хан қарық бол түсіп жүр айқай-шуга.
Етімді шал сипаган құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суга...

Абайдың бұл айтқаны ол кездегі я онан бұрынғы және соңғы кездегі өмір шындығы болатын. Ақын мұны көре де, сынай да білді. Әйел жөнінде өлеуметтік тенсіздік Абайдың жанын ауыртқан мәселенің бірі болды.

Абай бұдан өзінше қорытынды жасап, бұл мәселені айта қалғандай жоғары сатыға көтерді:

Есерлер жас қатынды тұгады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Оргасында бұлардың махаббат жоқ... –

деп, бір жағынан, әйел тенсіздігін айтып, соны қолдап отырған үстем тапқа, ескі салтқа өлтіре соққы берсе, екінші жағынан,

Әйелдің бас бостандығын, махаббат мәселеңесін айрықша мәселе етіп көтерді. Әйелді малға сату – надандық, адамның адамдық қасиетін бағаламағандық деген қорытынды шығарды. Сату мен сүю көрілік пен жастық, тұн мен күн, жаз бен қыс сықылды бір жерде тұра алмайтын нәрсе деп, оған үлкен мән берді:

Кәрі, жас дәурені өткен тату емес,
Епке көнер, ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанымен қатыны емес! –

деп сүю мәселеңесін малға сатып алуға болмайтындығын, шын адамгершіліктің көзімен қарағанда, сүю саудаға салатын нәрсе емес екендігін, оның ерікті болуы керек екендігін айтты.

Абайдың бұл көзқарасы сол кезде қазактың өз ішінен шыққан алдыңғы қатардағы адамдардың тілегімен, бүкіл халық тілегімен, әйелдің бас бостандығын көксеген дүниежүзіндегі адамгершілік көзқараспен үштасты.

Бұл жөнінде Абайды әйелдің бас бостандығын жақтаған қазактың бірінші ақыны деп толық айта алымыз. Мұны «Масғұт» дастанынан да айқын көруге болады. «Масғұт» дастанында Абай әйелдің семьялық және өлеумет өміріндегі орнын мейлінше жоғары бағалайды. Дастанда өзін ажалдан айырып алып қалған Масғұтқа ақ, сары, қызыл үш түрлі жеміс ұсынып, шал:

Ағын жесен, ақылың жаинан асар,
Сарыны алсан, дәүлетің судай тасар,
Егерде қызыл жемісті алып жесен,
Үргашыда жан болмас сенен қашар, –

дейді.

Масғұт ойланып түрады да, қызыл жемісті жеуге бел байладым дейді. Шал мәнісін сұрағанда «еңбексіз мал дәмету – қайыршылық» деген сықылды пікірлерді айта келеді де:

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмese, не жан күйер.
Үргашы да көп жанғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ, кімнің басы,
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда үргашы болмай ма арапашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйінде тексерілмес дая бола ма?
Ері ашы айтса, әйелі басу айтып,
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма? –

деп жауап қайырады.

Бұл – тамаша айтылған пікір. Абайдың бұл көзқарасы «әйел мені ғана ұнатсын» деген өресі тар, өзімшіл тоғышарлық көзқарастан аулақ. Ол әйел мен еркектің тең дәрежедегі достығын, үй ішінің бірлігі мен әйелдің әлеумет өміріндегі орнын терең түсініп, мәселеге осы жағынан қарайды. Сондықтан да оның қаһарманы Масғұт қызыл жемісті жемек болады. Демек, қоғамның тең жартысы болып отырған әйелдердің әлеуметтік өмірінде үлкен орны барлығын және болуы керек екендігін айқындаиды.

Ақын өз пікірін Масғұтқа айтқызып, «Қыдыр» шалға мойын-датып және өзі де мойында, мынаңай қорытынды шығарады:

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғанның дәмін бұзып қауіп қылған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арапашы тілепті катын-қыздан.

Бұл үзінді – дастандағы айтайын деген ойдың қазығы.

Ақын бұғінгі заман ғана емес, өткен заманың өзінде де әйелдің әлеумет өмірінде үлкен орын алғандығын көре білді. Абай әйелдің тек әлеуметтік рөлінің зор екендігін айтып қана қойған жоқ, махабbat, достық және өдемілікке козқарастарын да олеңдерінде айқын танытты. Ең алдымен, Абай махабbat, достық мәсесесін басқалардан анағұрлым кең, анағұрлым терең түсінді. Ол жалпы адам баласының достығын жыр етті. Абай – ірі гуманист ақын. Сондықтан ол адам адамды сүйе білуі керек деген идеяны берік үстады. Оның бұл сапқа қоспай, жек көріп, сатира еткендері адамдық ар-намыстан жүрдай, өз басы, өз қамынан басқа еш нәрсе ойламайтындар болды. Осындаи мінез-кулықтан жирену-

шіліктердің негізінде оның достықты жырлау мотиві келіп туды, әркім тек өз қамы емес, жүрт мұддесін ойлауы керек деген идея туды. Абайдың көп өлеңдерінде адам баласы біріне-бірі жаулық емес, достық іздесін деген пікір өзек болып тартылып жатады. «Жігіттер, ойын – арзан, құлкі – қымбат» деген өлеңінде:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз.
Күншіліксіз тату бол шын көңілемен,
Қиянатышыл болмақты естен кеткіз.

Абайдың түсінігінше, ең қызық өмір – татулық, достық. Бірақ ақынның бұл тілегі өз кезінде орындалмады. Ру мен руды, бір ел мен екінші елді атыстырып, шабыстырып отыруды негізгі саясатының бірі етіп отырған феодалдық, «адам – адамға қасқыр» деп білестін капиталистік қоғамдарда іске асуы мүмкін емес болатын. Оны ақын сезіне де, түсіне де білді. Әйтсе де алған бағыты мен аңсаған арманынан ол тайған жоқ. Күн сайын жаулықтың отына май тамызыш тұтатушы қоғамның жуан ортасында отырса да, Абай өле-өлгенше достықты жырладап өтті.

Махаббатсыз – дүние бос,
Хайуанағ оны қосындар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар.

* * *

Жүргегі жұмсақ білген күл,
Шын дос таппай тынышымас.
Пайда, мактан – бәрі тұл
Доссыз ауыз тұщымас, –

dedі. Бұл өлең – ұлы ақынның достықты жыр еткен барлық өлеңдерінің кілті. Жазба әдебиетіміздің тарихына көз салсақ, сүйіспеншілік, махаббат мәселесін де биікке көтере жыр еткен бірінші ақын Абай екендігін көреміз. Феодалдар үстемдік еткен қоғамдық құрылышта махаббат-сүйіспеншілік мәселесін жыр ету фактісінің өзі кезінде үлкен прогрессивтік нөрсе еді. Өйткені мұның негізі, тұптеп келгенде, өйелдің бас бостандығымен байланысты. Бұл – бір.

Екінші, үстемдік етуші феодалдық қоғам әйелдердің азаматтық правосын мұлде жойып, белгілі нарық қойып, сатып алуға болатын тірі мұлік дәрежесіне жеткізген дәүірде санаға сіңген кертарапалықта тайынбай қарсы шығып, әйелдің өлеумет өміріндең рөлін көрсетумен қатар, олардың ерлерден еш кем түспейтін сезімін ерекше жыр етіп, сүйіспендік, махаббатты дәріптеудің өзі ескішілдікке дөп тиер ауыр соққы еді.

Қандай тақырыпты сөз етсе де, жеріне жеткізе жырлайтын зор талант иесі Абай махаббат мәселеісін де үлкен шеберлікпен жыр етті. Өмір шындығына табанын нық тірей отырып, бұл мәселені кейде романтикалық асқактық дәрежесіне шейін көтерді. Жазғы тұн, жайлы кештерде сарғая сағынып, сарқыла күткен ғашықтардың сәтті кездесу, сырпайы сырласу, төтті сүйістерін танғалдырғандай шебер, тамсандырғандай өдемі суреттей келіп, олардың аузына:

Сенсің – жан ләzzаты!
Сенсің – тән шәрбаты!

* * *

Кайғың – қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем мәз.
Күлкініз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез, –

деген тәрізді ғашықтардың ішкі сезім дүниесін дәл бейнелейтін сөздер салады. Бұл тақырыпқа жазған ақынның өлеңдерінің қайсысын алсақ та оқушыларының эстетикалық сезімін оятарлық асқан ісmerлікпен жазылғандығы даусыз. Кейбір жолдарда анайылық натурализм элементтерінің кездесетіні рас. Бірақ ол ақынның жалпы стиліне тән нәрсе емес және оның өлеуметтік қозқарасына ешбір нұқсан келтіре алмайды.

Абайдың махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінің ішінде оның эстетикалық идеалын айқындайтындары да жиі кездеседі. «Қактаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында орғен бұрым» тәрізді Абай өлеңдері тек қана сұлу қыздың портретін жасау үшін жазыла салынған емес, сонымен қатар ақынның өдемілікке қозқарасын да көрсетеді.

Әдемілікті кім қалай таниды, оның өлеуметтік себептері қандай деген мәселе жөнінде Г.В. Плеханов өзінің «Адрессіз хат»,

«Қоғам өмірі және искусство» деген мақалаларында терең талдаулар бере келіп, барлық ел, барлық тап, барлық дәуірге сайжұрттың бәрін бірдей мойындалатын абсолюттік түрдегі әдемілік жоқтығын, әдемілікке көзқарас өр елдің тіршілік, құнқөріс жағдайларымен, өзінің өскен ортасы, алған тәрбиесімен байланысты болғандығын дөлелдеп, ол туралы өр халықтың тарихынан көтеген фактілер келтіреді. Сайып келгенде, адамның әдемілікке көзқарасын айқындастын нөрсе қоғам ішіндегі таптардың экономикалық жағдайлары деп қорытты. Мысал үшін ол орыстың ақсүйек-дворяндар табы мен орыс шаруаларын алып, кісі күшін пайдаланатын тап өкілдерінің көзқарасынша, сұлу, әдемі саналатын, олардың искусство, әдебиетінде дәріптейтіні – нәзік әйелдер, өз енбекімен тіршілік етушілерді тіпті де әдемі емес деді.

Абай кезіндегі не өзінен бұрынғы қазактың әдемілікке көзқарастарын тамаша түрде қорыта келіп, қандай әйелді әдемі деуге болады деген сұраққа жауап іздейді, оның жауабы – «әдептілік, арлылық, адамгершілік» болады. Абайша, әдемі әйел осындағы болуы керек. Сайып келгенде, Абайдың эстетикалық идеалы – деңе сұлұлығы емес, жан сұлұлығы. Бұл мәселе жөніндегі Абайдың тірелген жері осы деуге болады.

Жоғарғы аталып откен екі өлеңінде Абай өзіне шейінгі қазақ және шығыс әдебиетіндегі әйелге сыртқы мұсін сұлұлығы жағынан келетін көзқарастың өсері барлығын кей жерлерінде:

Кигаш қас, қыпша бел,
Солқылдар соқса жел...

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындаі қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды,
Боламын да тұрамын көргендей-ақ, –

деп әйелдің нәзіктігін дәріптейтіндігі де байқалады. Бірақ Абайдың әдемілік туралы эстетикалық идеалын айқындастын бұл өлеңдері емес. Бұлар суретшінің кейбір өмір құбылыстарына тереңдемей, кейбір жағдайлармен байланысты ойнақылық түрде сыза салған эскиздеріне үксайды. Әйтте де эскиз ұлы талант, үлкен суретшінің кистісінен шыққандақтан, сол қалпында да ол мұлтікіз де

кең ойлап, терең толғанып жасалған суреттердей сенім туғызды.
Бізше, бұл екі олеңнің оқушыларға ететін өсері осындаі тәрізді.

Абайдың эстетикалық идеалын толық аңғартатын және оның өйелге халықтық көзқарасты жалғастыруши екендігін дәлелдейтін шығармаларының түйіні – «Жігіттер, ойын – арзан, құлқі – қымбат» атты олеңі. Бұл олең ақынның өр алуан өмір құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынас, мінез-құлықтарды бақылай келе, көп ойлап, терең толғанып, олардан түйген қорытындысы, келешек үшін айтылған ең соңғы сөзі тәрізді.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдаң, көрсе қызыр нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!

Көп журмес, женсікқойлық әлі-ақ тозар,
Жаңғырап женсіккүмар жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көніл қайтып,
Қылт еткізбес қылықты, тамыршы озар.

Толқының жүргегінің хаттай таныр,
Бұл еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көніліне бір жанын пида қылыш,
Білмектігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегеннен көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қанышық.
«Бетім барда бегіме кім пыдар» деп,
Кімі пандай келеді, кімі тантық...

Жоқ болса, қатынынның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес, алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп күмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғашыл қалма¹, –

дейді.

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1945. – 32-6.

Демек, ақынның эстетикалық идеалы – «Піскен алма сыйылды тәтті қызы» емес, ар-ұяты мол, жақсы семья құратын, тату-тәтті өмір сүрге көмек етерлік, ерге шын серік бола аларлық әйел.

Қорыта келгенде, Абай өзінің ұлы еңбектерінде өз кезіндегі өлеумет өміріндегі теңсіздікті, бай-феодалдардың еңбекші кедейлерді езіп, қанап отырғандығын, өлеумет өміріндегі алауыздық, кертартпалық, мәдениетсіздік, еңбек сүймейтін жалқаулықты көре білді. Қазақтың феодалдық өміріндегі әйелдердің теңсіздіктерін терен суреттеп, сүйіспеншілікті, бас бостандығын жыр етті, олардың өлеумет өмірінде шынында ұлken орын алатынын, алу керектігін көрсетті. Сойтіп, қазақтың ұлы ақыны өлеумет өміріндегі ең маңызды, ұлken мәселелерді шығармаларының тақырыбы етіп алды да, оларды терен түсініп, сол кездегі өмір шындығына дәл етіп көрсете білді. Жоғарғы айтылған көп мәселелер жөнінде оте маңызды, аса құнды пікірлер айтып, дұрыс сілтеулер берді.

Қараңғыда қазақ елінің ортасынан жарып шыққан жарық жүлдyzдай жалынды пікір иесі Абай өз халқын өрге сүйреудің қамын ойлады. Елді мәдениетке, ғылымға шақырады. Абай Шоқан, Алтынсарин ұстаған бағытты өрістетуші болады.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу қуралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.